«Бекітемін»
Мектеп директоры
Б.Туркулов

№28 «Мақташы» жалпы орта білім беретін мектебі КММ
Ата-аналармен жүргізілетін жиналыстың жоспары
2023-2024ж.

| № | Жұмыстың мазмұны | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| | **І-жиналыс** | | |
| 1 | Өткен оқу жылына қорытынды, жаңа оқу жылына арналған жоспарларды бекіту. | Қыркүйек | Мектеп әкімшілігі |
| 2 | Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау | | Мектеп әкімшілігі |
| 3 | Мектеп заңнамасымен таныстыру. Мектеп формасы мәселесі. | | М.Дүйсенов,ДТІЖО |
| 4 | Ата-аналармен келісімшартқа тұру. | | Сынып жетекшілер |
| | **ІІ-жиналыс** | | |
| 1 | І-тоқсанның оқу қорытындылары | Қараша | Мектеп әкімшілігі |
| 2 | Перзентіңіздің қуанышпен мектепке барғанын қалайсыз ба? Баяндама | | А.Сармантаева, Р.Дүйсенова, педагог-психолог |
| 3 | Оқушылармен жұмыс. Оқушылардың білім сапасын жетілдіру. | | Н.Сапарбаева,ДТІЖО |
| | **ІІІ-жиналыс** | | |
| 1 | ІІ-тоқсан оқу қорытындылары. ҰБТ және ББЖМ | Қаңтар | Мектеп әкімшілігі |
| 2 | Сабақтан себепсіз қалу жағдайларының бала психологиясына әсері туралы баяндама жасау. | | А.Сармантаева, Р.Дүйсенова, педагог-психолог |
| 3 | Оқушылардың құқық бұзушылығын алдын алу және олардың әлеуметтік қорғалуы туралы баяндама жасау. | | К.Ауеханова, құқық пәні мұғалімі |
| 3 | Түрлі мәселелер | | |
| | **ІV-жиналыс** | | |
| 1 | ҰБТ-ға дайындық. | Наурыз | Н.Сапарбаева, ДОІЖО |
| 2 | Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жолдары | | М.Дүйсенов,ДТІЖО |
| 3 | Түрлі мәселелер | | |
| | **V-жиналыс** | | |
| 1 | IV-тоқсанның оқу қорытындылары. | Мамыр | Мектеп әкімшілігі |
| 2 | Жаз айларындағы оқушылардың өмір қауіпсіздігін алдын алу туралы | | М.Дүйсенов, ДТІЖО |
| 3 | Жазғы сауықтыру жұмысы туралы | | М.Дүйсенов, ДТІЖО |
| | ҰБТ. Емтихандар. | | Н.Сапарбаева,ДОІЖО |
| | Түрлі мәселелер | | |

Жоспарды түзген: М.Дүйсенов, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары:

№28 «Мақташы» жалпы білім беретін мектебі КММ

9-11 сынып оқушыларымен және олардың ата-аналарымен өткізілген жиналыстың

Хаттамасы

15.02.2024 ж

Қатысқандар: Келес АПБ-нің ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция майоры М.Сәрсенов

АПБ ЖПК ЮПТ полиция аға лейтенанты А.Рүстем

Мектеп директоры: Б.Туркулов

9-11 сынып оқушылары

Ата-аналар – 57

Сынып жетекшілер

Күн тәртібінде

1.Нашақорлық және жастар

2. Трамодол, есірткі ме, дәрі ме?

Тыңдалды:

Келес АПБ-нің ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция майоры М.Сәрсенов сөз алып, жалпы зиянды заттардың түрлерін атай келе, олардың адам өміріне, денсаулығына, келер ұрпағына залалы көп екенін жеткізді.

Қазір адамзат бұқаралық спорт, салауатты өмір салты, мәдени өмір, сұлулық пен сымбаттылық тақырыбында көш ілгері кетіп жатқанын мәлім етті.Қазақстан да әлемнің бір бөлігі болғандықтан бұл тақырыптан сыртта қалмау керектігін атап өтті.Балаларды адаспауға, өз өмірін, денсаулығын қадірлеуге, жақсартуға шақырды.

Келес ауданын да да зиянды заттар тақырыбы өршіп тұрғандығын және ол оқушылар арасында дакөп кездесіп отырғандығын мәлімдеді.Оқушылар арачсында темекі шегетін, насыбай ататын керек болса ішімдік ішкендігі

анықталған оқушылар да кездескенін атап кетті. Ол бойынша жұмыстар жүргізіліп, қадағалау жасамағаны үшін ата-аналарға ескерту мен айыппұл салынғандығын айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша сөз алған АПБ ЖПК ЮПТ полиция аға лейтенанты А.Рүстем «Трамадол»- деген не екенін білесіңдер ме? –деп сұрақ қою арқылы өз сөзін бастады.

Бұл да зиянды зат және ол тек дәрігердің шешімі арқылы белгілі бір науқастарға рұқсат берілетіндігін айтып кетті.

Қазіргі таңда аудан бойынша ауқымды іс-шара жүргізіліп отырғандығын және заңсыз тaратқан адамдарға қылмыстық іс қозғалып жатқандығын мәлімдеді.Таратқан немесе қолданған адамдарға қатысты қылмыстық жауапкершілік қаралатынын ескертті.

Демек Трамодол заңмен, дәрігердің шешімімен кейбір науқастарға дәрі ретінде таратылады, ал дені сау адам қолдану тыйым салынатын зат.

Жыл басынан бері ауданымызда есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы 12 келіден астам түрлі есірткі құралдарын, соның ішінде синетикалық есірткілерді тәркілеген.

Қаулы:

1.Зиянды затар және оның зияны тақырыбында сынып жетекшілері тақырыптық жұмыстар жүргізсін

2. Жасөспірімдердің отбасындағы жағдайы, жүріс-тұрысы, тамодол психотропты заттарды пайдаланбау, қадағалауға алу ата-аналарға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: Б.Туркулов

Хатшы: А.Тұрлыбекова

AnyScanner

№28 «Мақташы» жалпы білім беретін мектебі КММ

«Отбасыдағы ортақ тіл» тақырыбында өткізілген ата-аналар жиналысының

Хаттамасы

17.02.2024 ж Думан зал

Қатысқандар-121

Күн тәртібінде

1.Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі мен міндеттері

М.Дуйсенов ДТІЖО

2.Отбасы мәдениеті

А.Кульгинова әлеуметтік педагог

3. Отбасындағы ынтымақ

Е.Үсенов қамқоршылық кеңесі төрағасы

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Дуйсенов бала тәрбиесі ата-ана, қоғам үшін ең маңызды тақырып екенін айта келе, сол үшін жан-жақты жұмыс атқару керек екенін атап кетті.

Қазақстан республикасының Конституциясында адам және оның өмірі мемлекеттің қымбат қазынасы екенін айта келе, бала бәріміздің келешегіміз, оның жақсы азамат болып қалыптасуына ат салысуымыз керек.Әрбір ата-ана өз міндетін дұрыс атқарса, келешегіміз баянды болады.

Ата-ана бала алдындағы міндетін дұрыс атқарса, келешекте бала ата-ана алдындағы міндетін дұрыс атқарады.

Егер ата-ана немесе бала тәрбиесіне жауапты мекемелер өз міндетін дұрыс атқармаса құқықтық жауапкершілікке тартылады.Сондықтан әрқайсымыз бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауымыз міндетті.

Келесі мәселе бойынша сөз алған әлеуметтік педагог А.Кульгинова,

AnyScanner

Сөзін « Алқапқа не ексең соны аласың», осы мақал отбасындағы ата-анамен баланың қарым-қатынасының дұрыс жолға қойылуы, өз жемісін беретіндігінің дәлелі. Отбасындағы қарым-қатынасты дұрыс жолға қоя білу берекенің бастауы.Кез-келген мәселеде сабырлық, парасаттылық, жоғары адамгершілік қағидасын ұстану керек.Оған мысал келтіретін отбасылар жетерлік, солардан үлгі алып қатынасты дұрыс жолға қою саналы адамға тән мінез.

Келесі болып сөз алған ауыл қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ерлан мырза әр бір отбасы -бір мемлекет, ешкімде өзінің мемлектінде ұрыс,-жанжал болғанын қаламайды.Отбасында бұл тақырып одан да өзекті, себебі отбасы отанның өзегі.

Сондықтан әрбір саналы азамат тәрбині, өмірлік жолды отбасында салады, бастау алады. Оған жауапты, бастаушы ата-ана, осыны тереңірек түсіну сіздердің міндеттеріңіз. Бала бірінші кезекте ата-анаға керек.Ол оның жалғасы, келешегі осыған терең мән берейік.

Қаулы

1.«Отбасыдағы ортақ тіл» тақырыбы жұмыстарын күнделікті жүргізу сынып жетекшілерге тапсырылсын.
2.Отбасылық ахуал картасын жасап-талдау әлеуметтік педагог А.Кульгиноваға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: М.Дуйсенов

Хатшы: А.Тұрлыбекова

SCAN AnyScanner

**Хаттама**

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3**

2023-2024 оку жылының 2023 жылдың 26- желтоқсан күні $4^{«а», «ә», «б»}$ - сыныптары қосылып ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналысқа қатысуға тиісті $4^{а}$- 21 $4^{ә}$-21 $4^{б}$-20 ата ана болуы керек

қатысқаны –27

қатыспағаны-25

себепті-10

Сынып жетекшілері: **Тажибаева А, Омарова Ү, Баймуратова М**

Тақырыбы: «Қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережесі»

Мақсаты: 1. Ата-аналарды балалардың өміріне жауапкершілікпен қарауға шақыру 2. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

Күн тәртібінде:

1. Баяндама **«Отбасы құндылықтары-отбасы жылу»** (Тажибаева А)
2. I және II тоқсан қорытындысы (Омарова Ү)
3. Қауіпсіздік мәселері (М.Баймуратова)
4. Психолог тренигі (Дүйсенова Р)
5. Әр –түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1-мәселе баяндама **«Отбасы құндылықтары-отбасы жылу»** жайлы

Тажибаева Айданақ апай сөз алды



Отбасы тәрбиесі туралы Жүсіп Баласұғын былай дейді:

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,
Өнерімен қуантады түбінде.
Бала нені білсе жастан ұядан –
Өле - өлгенше соны таныр қиядан.
Өнер - білім берем десең басынан,
Бер оқуға балаларды жасынан.
Ата - анадан өсіп ұрпақ тараған,
Жақсы, жаман болса, бала - солардан».

AnyScanner

Барлық өнеге отбасынан басталады. Балаларымыздың бойына сіңген ізеттілік - дөрекілікке, қайрымдылық – қатігездікке, адалдық – арамдыққа ауыспасын деген тілегімізді орындау - ұрпақ алдындағы ұлы міндет деп түсінейік- деген ізгі тілектермен баяндаманы аяктады.
«Сыңарын тап» ойыны жүргізілді (слайдтан көрінген мақалдың сыңарын ата-аналар табады)




2-мәселе : I және II тоқсан қорытындысы бойынша Омарова Үрбіхан апай 3 сыныптында қорытынды есебіне тоқтала кетті. Осы орайда балалардың сабақтарын күнделікті қадағап отыруларын ата-аналарға ескерте кетті. ББЖМ мәселесінеде тоқтала кетті жәнеде дайындықты ары қарай жалғастыра беретіндігіне тоқталып ,нақтылап айтты.
3-мәселе : Қауіпсіздік мәселері: М.Баймуратова сөз алды . Қыста күн қысқа .Ерте қараңғы түседі.Қараңғы уақытта келе жатқан көліктің қашықтығын анықтау қиынға түседі.Қар жауып тұрған кезде көз жанарының көру қабілеті төмендейтіні белгілі, жаяу жүргіншілер мен көліктердің қозғалысында қиындықтар пайда болады.Жұқа мұздан сақ болу. Мұзда сырғанамау керек.Мұз үстіне жалғыз шықпаңыз! Мұздың қалыңдығын аяғыңызбен тексерменіз!Құтқару кезінде тиянақты, абай болыңыз!
Жаңа жылдық мерекелер кезінде өрт қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды.






4-мәселе : Психолог тренигі Дүйсенова Роза апай сөз алды. «Балаңызды жазуынан табыңыз »тапсырмасы берілді. Ата аналардың бірэзі балалардың жазуларына қарап таба алмады. Бұл дегеніміз дәптерден таба алмауы демек, ата ана үйде баланы қадағаламайды деген ұйғарым.Жәнеде ол ата аналарға балаларды қадағалау қажеттіктігі айтылды, ескертілді.





Роза апай ата аналарды шеңбер етіп тұрғызып «Менің баламның ерекшелігі»-деп әр ата ана өз баласының ерекшеліктеріне тоқталып өтті. Менің балам тілалғыш, менің қызым ұқыпты , өз балаларымның ішіндегі ерекшесісі деп тоқталды кейбір ата ана.





5-мәселе: Әр –түрлі мәселелер айтылып баланың жауапкершілігі ата-анада екендігі айтылды. Жол қауіпсіздігіде ескертілді.Балалардың жылы киінуін қамтамасыз етужайлы айтылыды. Таңғы шайларын беріп жіберу ескертілді.

**Қаулы:**

1. Қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережесін оқушы мен ата-аналарға түсіндіру сынып жетекшіге жүктелсін.
2. Баланың қысқы демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздігі ата-аналарға міндеттелсін.

Ата-аналар жиналысының төрағасы: **М.Дүйсенов**

Сынып жетекшілер: **А.Тажибева**

**Ү.Омарова**

**М.Баймуратова**

**Хатшы:** **М.Баймуратова**

AnyScanner

**Хаттама № 3**

Қатысуға тиіс: 17
Қатысқаны – 10
Күні: 25.12.2023 жыл
Сыныбы: 9 «Ә»

**Күн тәртібінде:**

1.Құқық бұзушылықтың алдын алу
2. Қауіпсіздік ережелері
3.Баланың қауіпсіздігін сақтау біздің міндетіміз

**Тыңдалды:**

1,2,3 мәселе бойынша сынып жетекшісі Рахымбаева Н.К. оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы айтып өтті. «Бала құқықтары туралы» Қ.Р-ның Заңының 16 бабында балалар 14 жастан бастап , ата-аналарының рұқсатымен оқудан бос кезінде денсаулығына және өсіп жетілуіне оңтайлы, баланың дене бітіміне, имандылығы мен психикалық жай күйіне зиян келтірмейтін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға, сондай ақ мамандық алуға құқығы бар деп белгіленген. Аталған баптың 4- ші тармақшасында баланы ауыр қара жұмысқа , зиянды және еңбек жағдай қауіпті жұмыстарға қабылдауға немесе тартуға тыйым салынады. Жұмыс істеу оқу процесін бұзбауға тиіс. Ауыр жұмыстарға енбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және өте қауіпті жұмыстарға 18 жасқа толмаған азамттардың еңбегін пайдалануға болмайтын өндірістер мен жұмыстар істеуге болмайды. Қысқы демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, ата-аналармен пікір алмасылды.

***Сөйлеушілер:***

Жоланова Камила (ата-ана): Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары хабарламасы бойынша,өткен қауіпсіздік ережелерін сақтау жөнінде толық мағұлмат алдық.Үнемі сынып жетекшісімен байланыс жасай отырып балаларымның қауіпсіздігін сақтаймыз.

Касымова Роза (ата-ана) хабарламасы бойынша балаларымыздың қауіпсіздігі маңызды іс.Әр ата-ана балдарының қай уақытта,қай жерде жүрген білуі керек.Сынып жетекшілерімен тығыз байланыс жасай отырып,балдарымызды бос уақытында мектептегі сыныптан тыс шараларға қатысуына жағдай жасап отырамын.

***Жиналыс қаулы етеді:***

1. Қауіпсіздік ережелерін ата-аналар балаларына үнемі сынып жетекшісімен қатар түсіндіріп отырсын.
2. Оқушылардың тәртібіне және қауіпсіздігіне сақтау мақсатында ата-аналармен тығыс байланыс жасап отыру.

Жиналыс төрайымы: Рахымбаева Н.К.
Хатшы: Касымбекова Б.

AnyScanner